



«БЕКІТЕМІН»
«SKMA» АҚ ректоры
М.Рысбеков
03 2024 ж.

**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТАНДАРТ
СС 01-2024**

Күні	Көшірме	Басылым
		Екінші

Шымкент қ.

Оңтүстік Қазақстан МЕДИЦИНА АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		Солтүстік Қазақстан MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»
Комплаенс офицер Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт		СС 01-2024 2-ші басылым 9 беттің 2 беті

1. «ОҚМА» АҚ комплаенс офицері әзірлеп, қолданысқа енгізді.
 «09» 03 2024 ж.

2. «ОҚМА» АҚ Сапа бойынша Кеңестің шешімімен келісілді
 Хаттама № 4 «11» 03 2024 ж.

Кезеңдік тексеру мерзімі – 3 жыл

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»
Комплаенс офицер	СС 01-2024	
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт	2-ші басылым 9 беттің 3 беті	

МАЗМҰНЫ

1.	Жалпы ережелер	4
2.	Академия қызметкерлерінің мінез-құлық (іс-қимыл) ережесі.	5
3.	Академия қызметкерлерінің өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдер қабылдау кезіндегі міндеттері.	6
4.	Академия қызметкерлеріне ғылыми-білім беру және өзге де қызметтерді көрсету кезінде ұсынымдар.	7
5.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.	8

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Комплаенс офицер	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт	СС 01-2024 2-ші басылым 9 беттің 4 беті

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы "Оңтүстік Қазақстан медициналық академиясы" акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты (бұдан әрі-Стандарт) "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес (2015 ж.), сондай-ақ Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 04.05.2020 ж. №174 бұйрығына сәйкес әзірленді және "Оңтүстік Қазақстан медициналық академиясы" Акционерлік қоғамының (бұдан әрі-Академия) қызметінде барлық салаларда сыбайлас жемқорлыққа тыйым салу, шектеу және оны алдын алу жүйесін білдіреді.

1.2 Осы Стандарттың мақсаты Академияда сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу, құқықтық сауаттылықты арттыру, Академия қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік ортасын құру болып табылады.

1.3 Стандарттың міндеттері:

- функционалды міндеттерді жүзеге асыру кезінде Академия әкімшілігінің, профессорлық-оқытушылық құрамының және қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлқы мен жауапкершілігін қалыптастыру;

- сыбайлас жемқорлық көріністерін дер кезінде анықтау және олардың жағымсыз салдарын алдын алу;

- Академия қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаппай мәдениетті қалыптастыру;

- Академия қызметінің тиімділігін арттыру.

1.4 Стандартты қолдану және орындау:

- Стандарт адам мен азаматтың, Академия мен оның қызметкерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру және функцияларды жүзеге асыру кезінде Академия қызметінде қолданылады;

- Стандарт Академия қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті;

- Стандарттың қолданылуы мен орындалуына Академияның әрбір қызметкері дербес жауапты болады.

1.5 Стандарт Академия қызметкерлерінің белгіленген ережелерді мүлтіксіз сақтауға және сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған іс-әрекеттері мен шешімдерін анықтайды;

1.6 Қызметкерлердің Стандартты сақтауын бақылауды Академия басшылығы және комплаенс офицер жүзеге асырады.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Комплаенс офицер	СС 01-2024	
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт	2-ші басылым 9 беттің 5 беті	

2. АКАДЕМИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ (ІС-ҚИМЫЛ) ЕРЕЖЕСІ

2.1 Академия мен оның қызметкерлерінің заңды мүдделерін іске асыру кезінде:

2.1.1 Өзінің қызметтік өкілеттігін жүзеге асыру кезінде өз міндеттерін орындауға байланысты ешқандай материалдық игіліктерді, қызметтерді және өзге де артықшылықтарды қабылдамауға;

2.1.2 Мүдделер қақтығысына жол бермеу, олар туындаған жағдайда оларды жою бойынша шаралар қабылдау;

2.1.3 Білім беру және өзге де қызметтерді жүзеге асыру кезінде өзіне немесе үшінші тұлғаларға пайда табу мақсатында қызметтік жағдайын пайдаланбау;

2.1.4 Академияның іскерлік беделін бағалай білу, Академияның құқықтары мен заңды мүдделеріне қайшы келетін немесе нұқсан келтіретін қызметке қатысудан бас тарту, оның абыройы мен беделін түсіретін кез келген әрекеттің жолын кесу;

2.1.5 Академия қызметкерлерінің жеке деректері туралы мәліметтерді үшінші тұлғаларға негізсіз беруге жол бермеу;

2.1.6 Меритократия қағидаттарын сақтай отырып және білім, біліктілік, тәжірибе, өнімділік және тиімділік сияқты факторларды ескере отырып, конкурстық негізде қызметкерлерді қызмет сатысы бойынша жоғарылатуды қамтамасыз ету;

2.1.7 Ғалымдардың өздерінің бірегей идеяларынан, жаңалықтарынан және өнертабыстарынан пайда алу, сондай-ақ оларды іске асырудан пайда алу құқығын заңмен рұқсат етілген тәсілдермен қорғауды қамтамасыз ету;

2.1.8 Академия қызметкерлерінің ғылым мен білімнің, технологиялардың даму жолдарын анықтауға белсенді қатысуы;

2.2 Білім беру-ғылыми және басқа да қызметтерді көрсету кезінде туындайтын өзге де өзара қарым-қатынастар кезінде:

2.2.1 ҚР Конституциясының, ҚР Еңбек кодексінің, ҚР Білім, Ғылым туралы Заңдарының, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы және өзге де заңнамасының талаптарын мүлтіксіз сақтау;

2.2.2 Қазақстан Республикасының заңдарында тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық көзделген теріс қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеу;

2.2.3 Мүліктік мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында, ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдаланбау;

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Комплаенс офицер	СС 01-2024	
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт	2-ші басылым 9 беттің 6 беті	

2.2.4 Өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде іскерлік әдепті және ресми мінез-құлық қағидаларын сақтау.

3. АКАДЕМИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ӨЗ ҚҰЗЫРЕТІ ШЕГІНДЕ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАУ КЕЗІНДЕГІ МІНДЕТТЕРІ

3.1 Тікелей басшыға және комплаенс офицерге мүдделер қақтығысының туындағаны, қызметтік міндеттерді орындау кезінде жеке мүдделілік туралы, сыбайлас жемқорлық көрінісі және сыйлықтар алуға көндіру туралы баяндау.

3.2 Қызметтік міндеттерді орындау кезінде жеке және пайдакүнемдік мүдделерді басшылыққа алмау.

3.3 Әділ қызметтік шешім қабылдауға ықпал етуі мүмкін өзара қарым-қатынастардың белгіленген тәртібін бұзатын заңсыз өтініштермен, әріптестері мен басшыларына жүгінуден аулақ болу.

3.4 Басқа адамдарды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелемеу және көтермелемеу.

3.5 Әріптестерге, басшыларға және өзге де лауазымды тұлғаларға қызметтік өкілеттікті пайдалана отырып мүліктік пайда, игіліктер не артықшылықтар алу үшін сыйлықтар бермеу және қызметтік емес қызметтер көрсетпеу.

3.6 Қызметтік өкілеттігін орындауға байланысты сыйлықтар қабылдамау.

3.7 Егер лауазым жақын туыстық қатынаста тұрған адамдардың тікелей бағыныстылығына немесе бақылауына байланысты болса, оны тағайындаудан бас тарту.

3.8 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік таныту.

3.9 Орындау үшін алынған өкімнің заңдылығына күмәндану туралы тікелей басшыға және комплаенс офицерге дереу хабарлауға.

3.10 Егер тікелей басшының өзі мүдделер қақтығысына тартылған болса, жоғары тұрған басшылыққа және комплаенс офицерге жүгіну қажет.

3.11 Әріптестерден жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтауды талап ету және қолдау.

3.12 Мүдделер қақтығысының, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың және олардың салдарының ықтимал туындауының себептері мен жағдайларын жою бойынша тұрақты негізде шаралар қабылдау.

3.13 Үшінші тұлғалардың мүдделерін білдіруден немесе қамқорлық жасаудан, сондай-ақ олардың атынан іс-әрекеттер жасаудан бас тарту.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Комплаенс офицер	СС 01-2024	
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт	2-ші басылым 9 беттің 7 беті	

3.14 Қызметтен тыс сипаттағы мәселелерді шешу кезінде әріптестер мен студенттердің қызметіне ықпал ету үшін өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбау.

3.15 Басқа адамдарды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүрлемеу.

3.16 Қарамағындағы және басқа да лауазымды тұлғалардың тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларын бұзу фактілеріне жол бермеу және жолын кесу.

3.17 Әріптестердің өз лауазымдық міндеттерін орындау барысында туындаған мүдделер қақтығысын реттеу бойынша түбегейлі шараларды уақтылы қабылдау.

3.18 Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша түбегейлі шаралар қабылдау.

3.19 Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша түбегейлі шаралар қабылдау.

3.20 Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды, оның ішінде бағыныстыларымен бірлесіп жою.

3.21 Қызметтік немесе жеке тапсырмаларды орындау үшін, соның ішінде бағыныштылар мен білім алушыларды тартуға жол бермеу.

4. АКАДЕМИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ҒЫЛЫМИ-БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЗМЕТТЕРДІ КӨРСЕТУ КЕЗІНДЕ ҰСЫНЫМДАР

4.1 Білім беру-ғылыми және басқа да әлеуметтік маңызы бар қызметтерді көрсету сапасын арттыру және өзара іс-қимыл жүйесінде төрешілдік кедергілерге жол бермеу шараларын тұрақты негізде қабылдау.

4.2 Өз білім деңгейін үнемі арттырып, отандық және шетелдік тәжірибе мен ғылым жетістіктерін зерделей отырып, кәсібилікке ұмтылу.

4.3 Білім алушылар үшін еңбек тәртібінің, Академияға, оның дәстүрлеріне, тарихына құрметпен және ұқыпты қараудың жеке үлгісі болу.

4.4 Білім алушыларға қатысты өз лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдаланбау, олардың білімін бағалау кезінде субъективизмге, біржақты көзқарасқа жол бермеу.

4.5 Әріптестер мен студенттердің қадір-қасиетін қорлауға, әдепсіз сөздерді қолдануға болмайды.

4.6 Білім алушылардан сыйлықтар немесе ақшалай сыйақылар қабылдамауға.

4.7 Өзінің қызметтік міндеттерін орындау барысында жоғары мәдениет, жауапкершілік, адалдық, Академиялық адалдық және объективтілік таныту,

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Комплаенс офицер	СС 01-2024	
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт	2-ші басылым 9 беттің 8 беті	

әріптестермен және студенттермен қарым-қатынаста өзара сыйластық, әдептілік, тілектестік қағидаттарын басшылыққа алу.

5. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

5.1 Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік ахуалын қалыптастыру-бұл университеттік қоғамдастықтың барлық мүшелерінің кез келген теріс пиғылды практикаға қарсы тұру қажеттігіне сенімін нығайту жөніндегі қызмет. Академия қызметі жалпы білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады, оларға мыналар жатады:

5.1.1 Академия қызметінің барлық салаларында тиімді сыбайлас жемқорлыққа қарсы технологиялар мен тетіктерді енгізу.

5.1.2 Академияның Академиялық адалдық Кодексін енгізу.

5.1.3 Академия қоғамдастығы мүшелерінің арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы сауаттылықты және сыбайлас жемқорлықтың қауіптілігі мен оның салдарын көпшілікке түсіндіруді қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты иммунитетті, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана мен мәдениетті қалыптастыру бойынша мақсатты жұмыс жүргізу.

5.1.4 Әріптестік негізінде білім алушыларды, оқытушылар мен қызметкерлерді сыбайлас жемқорлықтың алдын алу процесіне тарту.

5.1.5 Жаппай әлеуметтік сауалнамалар арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мониторинг жүргізу.

5.1.6 Академияның интернет-ресурсында сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы құқықтық ақпаратқа халықтың кеңінен қол жеткізуін қамтамасыз ету.


5.1.7 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды әзірлей отырып, басқа мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктердің, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің өкілдерімен кездесулер ұйымдастыру.

ОНТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA 1999	SOUTH KAZAKHISTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Комплаенс офицер		СС 01-2024
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт		2-ші басылым 9 беттің 9 беті





Әзірлеген:

Лауазымы	Аты жөні	Күні	Қолы
Комплаенс офицер	Пернебаев Н.А.	04.03.2024	

Тексерген:

Лауазымы	Аты жөні	Күні	Қолы
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі	Ержанов Н.Ә.	06.03.2024	

Келісілді:

Лауазымы	Аты жөні	Күні	Қолы
Бірінші проректор	Есіркепов М.М.	06.03.2024	
Қаржы және шаруашылық жұмыстар бойынша проректор	Сейтжанова Ж.С.	07.03.2024	
Оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор	Анартаева М.У.	07.03.2024	
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	Кабиштаев О.А.	07.03.2024	
Кадрлық қызметі бөлімінің меңгерушісі	Елеусизова Г. Л.	07.03.2024	